

Жоба әдісі бойынша сабақты модельдеу

Жоба әдісі дегеніміз белгілі бір проблеманы оқушылардың өздігінен немесе ұжыммен біріге отырып шешуге бағыттайтын, міндетті түрде жұмыс нәтижесін ортаға жария етуге мүмкіндік беретін оқу-танымдық тәсілдер жүйесі.

Шығу тарихы.

«Алға ұмтылған»- жоба (проект) сөзінің нақты аудармасы. Өткен жүзжылдықтың басында АҚШ-да «еркін тәрбиелеу» идеясынан пайда болған жоба әдісі өзінің бойына философия мен білім берудегі ізгіліктілік бағытының идеясын сіңірді. Дж. Дьюи мен оның оқушысы В.Х.Килпатрик оқушының мақсатты іс-әрекеті арқылы оқытуды белсенді негізде құруды ұсынды), негізгі «тезисі» барлығы өмірден, барлығы өмір үшін.

20-ғасырдың басында С.Т.Шацкий бастаған Ресей педагогтары жоба әдісін тәжірибеге енгізу проблемасымен 1905-жылдан бастап айналыса бастады. Нәтижелі жұмыстың негізі ретінде оқушының жеке қызығушылығы қарастырылды. Қарастырылатын проблема міндетті түрде өмірден алынып, балаға таныс және маңызды болуы тиіс еді.

Жобалау іс-әрекетінің

Мақсаты:

- тәжірибе жинақтау
- қалыптастыру
- дамыту
- қамсыздандыру.

Міндеттері:

- оқып-үйрену
- зерделеу
- меңгеру
- тарату
- талдау
- ұйымдастыру
- көрсету
- машықтану
- өзара әрекеттесу
- жүйеге келтіру

Жобаның ең негізгі кезеңдеріне мыналар кіреді:

- *1-кезең.* Жобаның тақырыбын таңдау. Жобаның тақырыбы осы кезеңге, уақытқа сай өзекті, нақты әрі нысаналы болуы қажет. Тақырып таңдаудағы талапты орындау арқылы оқушылардың іс-әрекеттерінде танымдық белсенділік пен қызығушылықтың жоғары деңгейіне жетуге болады.
- *2-кезең.* Жоба мақсаты мен негізгі міндеттерін шешу талап етіледі.
- *3-кезең.* Оқушылардың өзбетіндік жұмысы нәтижесінде жоба міндеттері біртіндеп орындалды. Оқушылар бақылау күнделігі мен жұмыс дәптерін арнайды. Мұнда оқушылардың жұмысы түгелінен көрінеді.
- *4-кезең.* Алынған нәтижелер негізінде есеп беруге, алынған нәтижелерді талдауға және қорытындылар жасауға үйренулері қажет.
- *5-кезең.* Жобаны қорғау. Оқушылар жасалынған жұмыстар жөнінде, алынған нәтижелерді түсіндіруге, шығарылған қорытындысының себебін көрсетіп, дәлелдей білуге үйренуі тиіс.

Оқушылардың жобаны орындау кезінде мынадай танымдық біліктері қалыптасады:

- ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей отырып, өзбетімен білім алу;
- теледидардағы бағдарламадан өзіне қажетті ақпараттар алады;
- бақылау жүргізу және соның негізінде қорытынды шығару;
- өзбетімен эксперимент жасау және соның негізінде жаңа білім игеру;
- өз білімі арқылы құбылыстың және бақыланған деректердің себебін түсіндіру, дәлелдеу;
- сонымен бірге танымдық біліктерге қоса, практикалық біліктерді игереді;
- ауыл шаруашылық жұмыстарына қатысады;
- техниканы пайдаланады;
- өлшегіш құралдарды пайдалана білу және түлі өлшеу жұмыстарын жүргізу;
- кесте құрастыру, талдау;
- сандық, графикалық, логикалық, эксперименттік есептеулерді шығару.

Жоба құрылымы:

- проблеманы белгілеу
- жобаны атау
- мақсаты
- міндеттері
- жоба бойынша іс-әрекет
(міндеттерді кезеңге бөліп шешу)
- жобаны ортаға салу

Оқушылардың іс-әрекеті негізінде:

- тәжірибеге бағытталған жоба (оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулар)
- зерттеушілік жоба-белгілі бір мәселені ғылыми зерттеу ережесіне сай зерттеу;
- ақпараттық жоба-маңызды мәселе бойынша ақпаратты жинау және жүйелеу;
- шығармашылық жоба- проблема шешудегі авторлық еркін келіс нәтижесі-бейнефильм, театралдау, бейнелеу өнері шығармалары.
- рөлдік жоба-әдеби, тарихи, іскерлік, рөлдік ойындар; нәтижесі соңына дейін ашық болып қалады.

Қарым-қатынас сипатына байланысты:

- ❖ жеке;
- ❖ жұптық;
- ❖ топтық;
- ❖ сыныпаралық;
- ❖ мектепшілік;
- ❖ аймақаралық;
- ❖ халықаралық;

Мерзіміне байланысты:

- шағын жоба- сабақтың бір бөлігін немесе 45 минутты алуы мүмкін;
- шағын мерзімді жоба- 4-6 сабақты қамтиды;
- апталық - 30-40 сағат. Жұмыстың сыныптық және сыныптан тыс формаларын үйлестіруді қажет етеді.
- ұзақ мерзімді жеке және топтық та болуы мүмкін.

Қатысушылардың құрамына байланысты:

- Жеке
- Топтық

Оқу жобасына қойылатын негізгі талаптар:

- ❑ жобаның проблемасы әлеуметтік маңызды болуы тиіс зерттеушілік, ақпараттық, тәжірибелік.
- ❑ жобаны жоспарлау –нәтиженің түрін және қорғау формасын анықтау, жобаны кезең бойынша мерзімін және жауаптыларын көрсете отырып әзірлеу.
- ❑ ақпаратты іздестіру- оқушылардың зерттеу іс-әрекеті жобаның негізгі шарты.
- ❑ өнім жобаның нақты нәтижесі.
- ❑ өнімді ұсыну және қорғау.
- ❑ жоба портфолиосы – барлық жұмыс материалы жинақталған папка (нұсқа жазған парақтар, есеп, жоспар, зерттеу мен талдау нәтижелері т.б.)
- ❑ жоба мен істеудің әр кезеңінде нақты нәтижесінің болуы.

Мектептің жылдық оқу тәрбие жұмысын жоспарлау

- Мәселесі: Мектептің тиімді жылдық оқу тәрбие жұмыс жоспарының болмауы.
- Объект: Мектептің жылдық оқу тәрбие жұмысын жоспарлау.
- Пәні: Мектептегі күнтізелік жоспардың кестесі.
- Болжам: Егерде, мектептің оқу тәрбие жұмысының күнтізбелік жоспарын дұрыс ұйымдастырса, онда жұмысты әдістемелік сауатты жүргізуге болады

- Мақсаты: Мектетің жылдық оқу- тәрбие жұмысын жоспарлау мәселесін зерттеу.
- Міндеттері:
- Жоспарлаудың негізгі формаларымен танысу;
- Мектептегі қолданылып жүрген жылдық жоспарды талдау;
- Мектептің жылдық оқу- тәрбие жұмысының жоспарын жасауға үйрену.
- Әдістер: жоба әдісі.
- Формасы: жеке- топтық жұмыс.

- Жұмыс кезеңдері - 6 кезең.
- I- кезең
- 1-2 сабақ
- Сабақ мақсаты:
- Жобаның тақырыбын, мәселесін, объектісін және пәнің анықтау;
- Болжамды құру, ақпараттарды жинақтау;
- Жобаның мазмұның ашу.
- Әдістер: индукция, дедукция.

- Құралдар:
- Оқу -тәрбие жұмысын жоспарлау кестелері;
- Жоспарлауға қойылатын талаптар;
- Жоспарлау жағдайлары;
- Топта жұмыс істеу ережелері;
- Іс әрекетті бағалау сызбалары;
- Оқулықтар;

- Сабақ құрылымы:
- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Жобаның тақырыбын белгілеу, мәселесі, объекті, пәні; болжамды құру.
- III. Ақпараттарды іздестіру тәсілдерін анықтау, зерттеу тақырыбына сай іріктеу.
- IV. Оқушыларды топтарға бөлу.
- V. Топта оқушылар арасында міндеттерді бөлу.

- Көшбасшы топ ішінде қатысушылар арасында міндеттерді бөліп, әр оқушының әрекетін атқарған міндетіне байланысты бағалайды.
- Баяндаушы жоба бойынша баяндайды.
- Қатысушылар жобаны жасайды.
- Эксперттер топтардың жұмыстарын талдап бағалайды.
- YI. Зерттеу тақырып бойынша топтарға әдебиеттер ұсынылады .
- YII. I- кезеңін жұмысын бағалау.
- YIII. Сабақты қорытындылау.

- II -кезең
- 3-4 сабақ

Сабақтың мақсаты:

- Мектептің тиімді күнтізбелік оқу -тәрбие жұмыс жоспарын жасау.

Әдістер:

- Алған нәтижелерін талдау; эвристикалық;
- Қызығушылықтарын ынталандыру.

Құралдар:

- Талдауға қойылатын талаптар;
- Жоспарлау жағдайлары;
- Топтық іс әрекетті бағалау сызбалары.

Сабақ құрылымы:

- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Топтағы жұмыс мектептің күнтізбелік оқу тәрбие жоспарын жасау.
- III. II - кезеңін жұмысын бағалау.
- IV. Сабақты қорытындылау.

III - кезең

5-6 сабақ-

Сабақтың мақсаты: Жасалған оқу -тәрбие жұмыс жоспарларын талдауға ұсыну.

Әдістер:

- Эвристикалық

Құралдар:

- Қолданылатын жоспар кестелері;
- Сызба кестелерді безендіру құралдары;
- Жоспарлау жағдайлары;
- Жоспарлауға қойылатын талаптар;
- Топта жұмыс істеу ережелері;
- Топтық іс әрекетті бағалау сызбалары;
- Жобаны бағалау кестесі.

Сабақ құрылымы:

- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Білімді
- III. Нақты жағдайларда білімді қолдану.
- IV. Жобаларды қорғауға дайындау.
- V. Жобаларды қорғау.
- VI. Жобаларды бағалау.
- VII. Сабақты қорытындылау.

ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚТАРҒЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ОҚЫТУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЖҮЙЕСІ

Сабақ кезеңдері	Ұзақтығы	Оқытушының іс әрекеті	Оқушылардың іс әрекеттері
I. Ұйымдастыру	3 мин.	Амандасу Сабақтың мақсатымен жоспарын хабарлау 1.Мектептің жылдық оқу тәрбие жұмысын жоспарлау мәселесі. 2.Жобаларды қорғауда дайындау. 3.Жасаған жобаларды қорғау.	Амандасу Жоспармен танысу
II.Білімді өзектендіру	10 мин.	Өтілген тақараптар бойынша әңгіме ұйымдастыру: 1.Мектептің жылдық оқу тәрбие жұмыс жоспарының маңызы. 2.Жоспарлауға қойылатын талаптар. 3.Жоспарлау жағдайлары. 4.Әдістемелік сауатсыз құрылытан жоспарлардың алдын алу, болжау.	Қойылған сұрақтарға жауаптары.

III.Нақты жағдайларда білімді қолдануға ынталандыру	3 мин.	Көтеріліп отырған мәселеге, қойылған мақсат міндеттерге көңіл аударып отыру. Мәселені шешу жолдарын анықтау.	Әңгімеге қатысулары.
IV.Топта жұмыс істеу ережелерін естеріне салып отыру	1 мин.	Ынтымақтастықта жұмыс істеу.	Ережелерді сақтау.
V.Жобаларды қорғауға дайындау.	30 мин.	Оқушыларды ынталандыру, кеңес беру.	Берілген ролдеріне байланысты жобаны қорғауға дайындау.
VI.Бағалау критерияларымен таныстыру	1 мин.	Топтағы оқушыларды бағалау критерияларымен таныстыру	Бағалау критерияларымен танысу.
VII.Жобаларды қорғау.	25 мин. (әр топқа қорғауға 5 мин., 3 мин. Сұрақтарға жауап беру үшін)	Эксперттерді ұйымдастыру	Жобаларды қорғау
VIII. Рефлексия	10 мин.	Жобаларды бағалау, қорытындылау.	Рефлексия жүргізу.